

Ш.Мажитаева, А.Каппасова

Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

**«Жақсылық» пен «жамандық» концептісінің тілдік репрезентациясы
(жыраулар поэзиясы негізінде)**

Жақсылық/жамандық тақырыбы өткен ғасырлардан-ақ ұлы ойшылдардың, жырау, ақын, жазушылардың шығармаларынан көрініс тапқан. Мақалада «жақсылық»/«жамандық» ұғымдарының лингвистикалық, философиялық мәні ашылды. Жыраулар поэзиясы негізінде жақсылық/жамандық концептілерінің репрезентациясы қарастырылды. Жақсылық/жамандық концептілеріне қарама-қарсы «адам» концептісі негізінде талдау жасалады.

Кілтті сөздер: когнитивтік лингвистика, «концепт» ұғымы, жақсы/жаман әйел, жақсы/жаман дос, жақсылық/жамандық, жыраулар поэзиясы, аллитерация, қайталау, теңеу, метафора, эпитет.

Бүгінгі таңда тіл білімінде тілді танымдық тұрғыда зерттеуді көздейтін когнитивтік лингвистика біршама нәтижелерге қол жеткізді. Тіл табиғатын когнитивтік негізде қарастыру үлгісі В.Гумбольдт, Э.Сепир, А.Потебня тәрізді ғалымдардың зерттеулерінен бастау алды. «В.Гумбольдт кезінде тілдің адам болмысы мен танымның барлық аясын қамтитын адами рухтың басты қызмет екендігін баса көрсеткен болатын» [1; 6]. Оның тілді халықтың, ұлттың рухымен, психикасымен байланыстыра зерттеу туралы концепциясын Ресейде А.А.Потебня жалғастырған. «Потебняның бірден-бір іргелі ғылыми тұжырымы тілдің адам қызметінің белгілі бір формасын бере алатындығы жөніндегі идеясы болып табылады. Гумбольдттың «тілдің үнемі қозғалыстағы табиғаты» туралы теориясын ілгері дамытуда Потебняның аталған ғылыми тұжырымдары айрықша рөл атқарады» [1; 30]. XX ғасырдың 70-ші жылдарында Еуропада кең таралған когнитивтік лингвистика қазақ тіл білімінде тек өткен ғасырдың 90-шы жылдарында алғаш рет зерттеу нысанына айналды. Еңбектерінде тілдің танымдық қызметі туралы алғашқы пікірлер көрініс тапқан А.Байтұрсыновтың, Қ.Жұбановтың іздерін жалғастырған қазақ ғалымдары Ә.Қайдар, Р.Сыздық, Ж.Манкеева, Е.Жанпейісов, Г.Смағұловалардың зерттеулері де тек этнолингвистика үшін ғана емес, когнитивтік зерттеулер үшін де құнды мазмұнға ие. Олардың ұлттың тарихи дамуының әр түрлі кезеңдеріндегі тұрмыс-тіршілігі, салт-дәстүрі, діни көзқарастары жөніндегі тарихи-этимологиялық, тарихи-лингвистикалық, этнолингвистикалық, этнографиялық, тілдік зерттеулері арқылы қазақ тілтанымның, лингвомәдениеттанымның негізі салынды. Қазақ тіл білімінде когнитивтік лингвистиканың ұлттық негізде қалыптасып, кең қанат жаюы Қ.Жаманбаеваның есімімен байланысты. «Тіл қолданысының когнитивтік негіздері: эмоция, символ, тілдік сана» деп аталатын еңбегінде ғалым қазақ тіл білімінде тұңғыш рет тілдік сана, тілдік модельдер жүйесі, дара тұлға, гештальт теориясы, мәтін құрылымы, көркем дискурс, мұң концептісі ұғымдарына түсінік беріп, жан-жақты талдау жасайды. Сол сияқты Г.Оразалиева, Г.Снасапова, М.Г.Күштаева, Г.Зайсанбаева, С.Жапақов, Ш.Мажитаева, А.Ислам, Б.Нұрдәулетова, Н.Уәли, А.Жуминова, А.Әмірбековалардың зерттеулері де жаңа ғылымның дамуына, тілдің когнитивтік бағытта зерттелуіне үлес қосқан үлкен еңбектер болып табылады.

Сондай-ақ қазіргі заманғы лингвистикада әр түрлі концептілердің табиғатын зерттеуге көп көңіл бөлінуде, оның мазмұндық қырын, қызметтерін тілдік жүйеде жан-жақты қарастырылуда. Концептілердің көрінісі арқылы, оларға талдау жасау арқылы әлемдік бейнелеуде адамның ішкі әлемін, оның әлеуметтік статусын, оның ділінің этикалық, моральдық, философиялық, культурологиялық жақтарын қарастыруда ойымыз кеңейе түседі. «... ұғымы — лингвистикада «адамның әлем туралы жинақталған мәдени түсініктері» (А.Вежицкая), «концепт — біздің сол нысан туралы білетіміздің барлық жиынтығы» (В.Н.Телия), «құдайлық ілімді танудың, сол арқылы, соны ұғыну арқылы халықтың рухын, ұлттың мәдени менталдығын танудың кілті» (Гумбольдт) тәрізді анықтамалармен беріліп жүр [1; 53]. Бүгінгі күнде концептінің теориясын лингвомәдениеттанудың бір элементі ретінде, лингвокогнитивистиканың зерттеу нысаны ретінде қарастыру зерттеушілерді қызықтырып отыр. Концептіге ғалым В.А.Маслова төмендегідей бірнеше анықтама береді: «концепт — біздің санамыздың ментальдік немесе психикалық ресурстарының бірліктерін және адамның білімі мен тәжірибесін бейнелейтін ақпараттық құрылымды түсіндіру қызметін атқаратын термин; концепт — есте сақтаудың, ментальдік лексиконның, концептуальдық жүйе мен

тілдің, ақыл-ойдың, адам жүйкесінде бейнеленген дүниенің бүкіл бейнесінің мазмұндық бірлігі; концепт — өзінің іске асырылатын бүтін бір тілдік тобымен берілетін, тиісті лексика-семантикалық парадигма жасайтын, мәдениеттің таңбаланған вербалды мағынасы».

Концепт дегеніміз — мәдениетке сіндірілген ұғым (Н.Д.Арутюнова, В.Н.Телия бойынша)... ол лингвомәдени ерекшелікті таңбалаған және белгілі бір тұрғыда этномәдениетті тасымалдаушыларды сипаттайтын семантикалық жасалым» [2]. Одан соң орыс мәдениетінің концептілік саласын қарастыра келіп, барлық концептілерді келесі топтарға бөлуді ұсынады: «1) дүние (әлем) — кеңістік, уақыт, сан, отан, тұманды таң, қысқы кеш; 2) табиғат және апат — су, от, ағаш, гүлдер; 3) адам туралы түсінік — жаңа орыс, зиялы қауым, данышпан, ақымақ, жиһанкез; 4) адамгершілік концептілері — ар, ұят, күнә, шындық, ақиқат, шынайылық; 5) әлеуметтік ұғымдар мен қатынастар — бостандық, ерік-жігер, достық, соғыс т.б.; 6) эмоциялық концептілер — бақыт, қуаныш; 7) артефактілер әлемі — ғибадатхана, үй т.б.; 8) ғылыми білімнің концептілік саласы — философия, филология, математика т.б.; 9) өнердің концептілік саласы — сәулет, кескіндеме, музыка, би т.б.» [3].

Лингвистиканың әр түрлі даму кезеңдерінде зерттеушілерді халықтың ішкі өміріне қатысты, оны анықтайтын этикалық, философиялық, культурологиялық доминант (басым) жақтарын зерделеу қызықтырды. Оларға өмір, өлім, ақиқат, сұлулық, махаббат, жақсылық, жамандық сияқты категориялар жатады. Осылардың басында қарама-қарсы мағына беретін, Т.И.Вендидің айтуынша, «ғаламдық антиномия», «әлемді танудың онтологиялық кілті» есептелетін жақсылық пен жамандық концептілері тұр [4].

Жақсылық пен жамандық тілдік әлем бейнесінде ең негізгі, орталық категория болып табылады. Этика мен философияда да осындай қызмет атқарады: оларда адамның өзіндік тұрмысының көрінісі бейнеленеді, сол арқылы адам өзінің осы өмірдегі тіршілігін анықтайды, олар барлық жағымды және жағымсыздықтың өлшеуіші болады. Осылар арқылы адам өзінің жасаған істеріне баға бере алады.

Философиялық сөздікте жақсылық пен жамандыққа адамдық қызметтің жағымды және жағымсыз аспектілерін білдіретін, бір-біріне қарама-қарсы ұғымдар деп жалпылай түсініктеме берілсе, қазақ тілінің түсіндірмелі сөздігінде бұл ұғымдарға мынадай анықтама келтірілген: «Жақсылық — 1. Қайырымдылық, рақымдылық, мейірімділік. 2. Белгілі бір заттың бойындағы тәуір қасиет, сапа. Жамандық — жағымсыз іс, оқиға, зұлымдық, қастық, жауыздық» [5]. Жалпы ғылыми танымда ақиқат, көркемдік танымда сұлулық қандай қызмет атқарса, әлемді моральдік игеру аясында жақсылық та сондай зор қызметке ие. Ал жамандыққа адамды бүлдіруге әсер ететіндердің барлығы жатады.

Н.А.Бердяев, И.А.Ильин, Н.О.Лосский, В.С.Соловьев, Л.М.Лопатин, Л.П.Карсавин сынды орыс ойшылдарының ойынша, жақсылық және одан ажырамайтын жамандық мәселесін шешпесе толыққанды этикалық жүйенің жұмысының жүруі мүмкін емес. Жақсылық пен жамандық ұғымының салыстырмалы сипатына қарамастан, көп зерттеушілер адамдық қызметтің позитивті бағыты жақсылық екенін баса айтады.

Әл-Фарабидің этика жөніндегі тұжырымдамаларында жақсылық, мейірбандық категориясы басты орын алады. Себебі ғалым этиканы, ең алдымен, жақсылық пен жамандықты ажыратуға мүмкіндік беретін ғылым деп қарады.

Философ В.А.Канкенің пайымдауынша: «Жақсылық — бұл істің, қимылдың дұрыс құндылығы. Жақсылық — бұл жауапкершілік. Ал жауапкершілік — жақсылықтың қазіргі ұғымы». «Жақсылық», «жамандық» — лингвистикалық құбылмалы сөздер. Жақсылық туралы былай дейді: *өте жақсы, ең үздік, теңдесі жоқ, баға жетпес, кемшілігі жоқ, керемет, аса маңызды т.б.* Сол сияқты жамандыққа да қарама-қарсы мағынадағы сөз тізбектерін келтіру қиын емес» [6; 150]. Одан соң ғалым «Жақсылықты өлшеуге бола ма?» деген сұраққа қайдағы бір құрылғының көмегімен емес, эстетикалық құндылықтармен өлшеуге болады деп жауап береді. Одан соң шындық, сұлулық, жақсылықтың бірлігін былай қарастырады: «Осы үш құндылық үндескенде ғана адам өмірі толық мәнге ие болады. Шындық, сұлулық, жақсылық — қастарында өмір бойы адасушылық, тұрпайылық, жамандық сияқты қарсы ұғымдар қатар жүретін идеалдар» [6; 224]. Сөз соңында философ: «Бізде жақсылықтың не екенін толық анықтай аламыз деген үміт бар. Негізі жақсылықтың не екенін білеміз, сонымен қатар оны қайта іздейміз. Бұл — өмір заңдылығы» [6; 152], — деген қорытындыға келеді.

Діни тұрғыдан алып қарасақ, жақсылық — адамгершілік пен имандылықты сипаттайтын жалпы ұғым. Ислам дінінде жақсылық пен жамандықтың адамның өз ниетіне байланыстылығы айтылады. Адамға жағымды нәрселердің бәрі жақсылық ұғымы арқылы жүзеге асады немесе қарама-қарсы мәндегі жамандық жаман пиғыл арқылы өз мақсатына жетеді. Жақсылық қасиеті арқылы адам баласы

өзінің мақсат-мүддесіне, арман-тілегіне, болашақтан үміттенуіне сенімін білдіреді. Жақсылық арқылы жеке адамдардың іс-әрекеттеріне, қоғамдық қатынастарына, адамаралық байланыстарына тиісті баға беріледі. Жақсылық әр түрлі деңгейде тұлғалық қасиеттердің ізгілігін айқындайды. Жамандық болса, керісінше, тек зұлымдық, өтірік, жауыздық сияқты жағымсыз істердің көрінісі.

Жақсылық пен жамандық лексемаларының лингвистикалық түсіндірілуіне келсек, жақсылық дегенде игілік, амандық, мейірімділік, адалдық, пайда, бақыт, сәттілік, парыз, жақсы, игі іс, жақсы қарым-қатынас, молшылық, келісу деген ұғымдармен нақтылана түсетін «бәрі жақсы, оң, адамгершілік (жамандыққа қарама-қарсы)» сияқты жалпы компоненттер бөлініп шығады.

Ал жамандық лексемасының жалпы компоненті: «бәрі жаман, нашар, өнегесіз, адамгершілікке жатпайтын (жақсылыққа қарама-қарсы)». Және ол мына компоненттер арқылы нақтылана түседі: зиян, қырсық, бақытсыздық, кінә тағу, жағымсыздық, жаман сезім, ыза, ашу, өкініш, күнә, кек, өкпе, қуланушылық. Байқағанымыздай, «жақсылық» пен «жамандық» концептілерінің өрісі кең және бұл пікірді көркем шығарма негізінде, соның ішінде жыраулар поэзиясы негізіне толықтырып, дәлелдей түсейік. Жалпы жыраулар шығармаларының тақырыптық аясы, шеңбері — Жақсылық пен Жамандық, Елдік пен Ерлік, Ізгілік пен Зұлымдық, Әділдік пен Әдептілік, Жастық пен Кәрілік, Татулық пен Араздық, Достық пен Дұшпандық, Адалдық пен Арамдық, Тектілік пен Азғындық, Тұтастық пен Бірлік. Соның ішінде «Жақсылық/жамандық» концептілері жыраулар поэзиясында толықтай көрініс тапқан. *Жақсы/жаман әйел, жақсы/жаман ұл, жақсы/жаман дос* сияқты сөз тіркестері жалынды жырларда жиі ұшырасады. Мысалы, жыраулардың жақсы, жаман әйелге қатысты айтқандары төмендегідей, Шалкиіз:

*Жақсыға қоссаң басыңды,
Отырар төрің төр болар.
Жаманға қоссаң басыңды,
Саз балшыққа аунаған,
Бөрімен орның тең болар [7; 280].*

Шал ақын:

*Жақсы қатын алсаңыз,
Жұмақтан шыққан қормен тең.
Жаманға басың қосылса,
Маңдайға біткен сормен тең [7; 398].*

Үзінділердегі жаман әйел бейнесі — «маңдайға біткен сормен тең», жақсы әйел бейнесі — «жұмақтан шыққан қормен тең». Әйел тақырыбында көп толғанған Шалкиіз жыраудың шығармаларында «жақсы қатын шығарар ердің атын, жаман болса еріне қалдырады жаман атын», «жаман қатын байының сөзін бөлер», «жақсы әйел бойын түзеп, сылақтайды, өз байынан басқаны ұнатпайды», «жақсы әйел дәулегіне жөн келтірер», «жақсы әйел айтқан сөзді кектей қоймас», «жаман әйел байымен ұрысады, мейман келсе, қабағы тырысады» сияқты жақсы/жаман әйел көрінісі шебер берілген сөз оралымдары өте көп.

*Алғаның жақсы болса — қара жердей,
Жақсыменен сырласаң — шыққан ердей [8; 97]*

немесе

Алғаның жақсы болса, қорғандай-ды [8; 97] деген өлеңдерінен жыраудың жақсы әйелді қара жерге, қорғанға теңеп, айтылған сөзге көрік қосып, пішінін ажарландыра, мазмұнын құнарландыра түсетін көркемдеу құралдарының бірі теңеуді қолданып, сөз шеберлігін шындай түскенін байқаймыз.

Жырау Бұдабай Қабылұлының жақсы/жаман әйел жайлы айтқан мына бір жырында бірыңғай қ дыбысын қайталайтын аллитерация бар.

*Қатыны жаман қандайды,
Қағып бір төске салмайды.
Қаттырақ бір ұрыссаң...
Қыр соңыннан қалмайды [7; 682]*

Поэзияда мұндай бір дыбыстың қайталануы сөздің эмоциялық бояуын күшейтеді. З.Қабдоловтың сөзімен айтсақ, «әдеби тілге дауыс ырғағы емес-ау, тіпті дыбыс қайталаулар арқылы да әжептәуір ажар бітіруге болады» [9; 213].

Келесі бір толғаудан Шал ақынның ж дыбысын қайталайтынын көреміз.

*Жақсы қатын алғанның жауы үйінде,
Жақсы қатын алғанның тойы үйінде,*

Жаман қатын алғанның соры үйінде [8; 96].

Сол сияқты сөз әсерін күшейте отырып, оқырман назарын айрықша аудару үшін бір сөзді бірнеше мәрте қайталайтын айшықтау түрі қайталаудың әдепкі және кезекті қайталау үлгісі толғауда көрініс тапқан. Яғни анафора мен өлеңнің аяқ жағындағы «үйінде» деген сөздің бірнеше мәрте қайталанып отыруы эпифораның нәтижесінде толғаудағы ой ағымы тереңдене түскен. Жыраулардағы қайталау жөнінде М.Мағауин былай дейді: «Көне жыраулар поэзиясының өзіндік ерекшеліктерінің бірі — өлең жолдарында алғашқы сөздердің, кейде тіпті сол алғашқы сөздердің басқы буындарының қайталануы. Бұл қайталаулар — толғаудың құлақ күйі» [10].

Ал Төле бидің мына керемет сөзінен әдеби тілдегі құбылтудың бір түрі метафораның үлгісін көруге болады.

*Атың жақсы болса, ер жігіттің пырағы,
Балаң жақсы болса, жан мен тәннің шырағы,
Қатының жақсы болса, бірінші — иманың,
екінші — жиганың,
үшінші — ырысыңның тұрағы* [7; 320].

Шешеннің мақсаты — жақсы атты «ер жігіттің пырағына», жақсы баланы «жан мен тәннің шырағына», жақсы әйелді болса «ырысыңның тұрағына» балап, ой ұғымын, мазмұнын тереңдету, әсерін күшейту, одан әрі ажарландыра түсу.

Шығармаларында жақсы мен жаман әйел, жақсы мен жаман жолдас бейнесін әртүрлі салыстырулар арқылы шебер бере білген жыраулар поэзиясының шоқтығы биік. Сөз қадірін жете түсінген қазақ халқы үшін бұл тұспалмен жеткен сөздердің беретін мағыналары зор. «Жақсы/жаман жолдас» тіркестеріне жыраулар шығармаларынан мысалдар келтірсек, Шалкиіз:

*Жауынды күні көп жүрме,
Жар жағасы тайғақ-ты.
Жаманға сырыңды қосып сөз айтпа,
Күндердің күні болғанда,
Сол жаман өз басыңа айғақ-ты.
Бір жақсымен дос болсаң,
Азбас-тозбас мүлкі етер.
Бір жаманмен дос болсаң,
Жімлә галамға күлкі етер* [8; 30].

Үзіндідегі жақсы дос пен күллі әлемге күлкі етер жаман досты салыстыра берген Шалкиіз жыраудың ойын кейінгі ғасыр тумасы Бұқар да дәл солай, тек өз сөз қолданыстарымен төмендегідей береді:

*Жар басына қонбаңыз,
Дауыл соқса үй кетер...
Жаманмен жолдас болсаңыз,
Көрінгенге күлкі етер.
Жақсымен жолдас болсаңыз,
Айрылмасқа серт етер* [8; 72].

Жыраулар троптардың сан түрін қолданды, бірақ бұлардың ішінен ең көп пайдаланғандары — параллелизмдер. Жыраулар поэзиясындағы достың жақсысы мен жаманын жарыстыра салыстырулары осы параллелизм әдісіне мысал болады. Шалкиіз жыраудың ойынша, жаманмен дос болу жауынды күнде тайғақ жардан құлаумен тең. Бұқар да, Шалкиіз де толғауларында жаман адамды табиғат құбылыстарымен салыстыра, қатарластыра, жанастыра бейнелейді. Екі ұғымды, екі сезімді қатар қойып, жұптап суреттеген бұл шығармалар — психологиялық параллелизмнің классикалық үлгілері.

*Жағаға жақын қонғанда,
Жайылып сулар алмас па?
Жаманға дос болғанда,
Жазымда басың қалмас па?* [8; 33]. (Шалкиіз)

Келтірілген үзіндіні оқи отырып, жырдың айшықтау тәсілінің бірі арнауға жататынын бірден білеміз. Жалпы арнау «ақынның өзіне не өзгеге, кейде тіпті жалпы жұртқа арнайы тіл қатуы, көпшілікке қайырыла сөйлеуі, олармен іштей кеңесуі. Арнауды Ахмет Байтұрсынов әуелден үш түрге бөлген: жарлай арнау, сұрай арнау және зарлай арнау» [9; 233].

*Жаманды құдай алар ма?
Жақсыны құдай қояр ма?
Жақсы алдында сөз айтсаң
Жақсылар сөзге тояр ма? [7; 280]. (Шалкиіз)*

Аталмыш екі жыр да — сұрай арнауудың үлгілері. Алғашқы жырда байқағанмыз, жырау арнауында қойылған сұрақтарына жауап күтпейді, себебі олар жауапсыз да түсінікті және сол жырдың бойында анықталып тұр. Ал соңғы жырда автор өз ойын сұрақ қою арқылы жеткізеді де, өзі сол сауалдарға жауап күтеді.

*Мінезді болса жолдасың,
Күнде сонар қызбен тең.
Жаман болса жолдасың,
Астыңнан өткен сызбен тең [7; 340], —*

деген толғауында Ақтамберді жырау жақсы жолдасты «күнде сонар қызға», жаман жолдасты «астыңнан өткен сызға» теңесе, Сүйінбай Аронұлы келесі өлеңінде жаман жолдасты «көкііп шекесінен қарайтын көкқұтанға» балайды:

*Жаман жолдас белгісі —
Көкқұтандай көкііп,
Шекесінен қарайды [8; 273].*

Адамның «жаманы» мен «жақсысын» ажырататын қасиеттердің бірі де осы досқа адал болу сияқты мінез-құлықтан келіп шығады. Шынайы достыққа негізделген, адал сырластықты аңсайтын дидактикалық сарында жазылған жыраулар поэзиясы үлгісіндегі мұндай ғибрат сөздер тек жақсылық жолдарын нұсқар өлең өрнектері болып табылмақ.

Жақсылық пен жамандық адамның іс-әрекеті арқылы өлшенетіні белгілі. Жақсы/жаман адам жайлы әр жырау әр түрлі жырлайды, толғауларында жаман/жақсы адам бейнесін өз сөз тіркестерімен, өз салыстыруларымен ерекше береді. Мысалы, Шалкиіз жырау былай дейді:

*Жақсының жақсылығы сол болар —
Жаманменен бас қосып,
Сөйлемекке ар етер.
Жаманның жамандығы сол болар —
Сөйлесе, дәйім бетін қара етер [8; 33].*

Жырдағы жақсының жақсылығы жаманмен бас қосып, сөйлесуді ар ететіндігі болса, жаманның жамандығы — сөйлесе қара бет болатындығы. Мұндағы *бетін қара етер* деген сөйлем *қара бет болу* фразеологиялық тіркесінен шыққан, бірақ сөздері ауысып инверсияланып тұр. Ел алдында ұятқа қалу, абыройын шашу деген мағынада айтылған.

Сүйінбай Аронұлы:

*Жақсы кісі көрінер жыл құсындай,
Жаман адам балтаның ұңғысындай [7; 585].
Жақсы менен жаманның
Шекарасын байқасаң,
Аспан мен жердей парқы бар [8; 273].*

Қашаған:

*Жақсының сөзі майдадай,
Жаманның сөзі найзадай,
Жақсыдай болу қайдағы-ай! [8; 300].*

Жоғарыда көрсетілген толғаулардан әдеби тілге үстеме мағына беріп, шығарма мазмұнын құнарландыра түске теңеудің үлгісін көреміз. Жырдағы *жыл құсындай, балтаның ұңғысындай, аспан мен жердей, сөзі майдадай, сөзі найзадай* сынды — *дай*, — дей жұрнақтары арқылы жасалған теңеулер суреттеліп отырған құбылысты көз алдымызға әкеліп, нақты ұғым қалыптастырып бергендей. Теңеудің де құндылығы сонда, «...ойламаған жерден өзгеше өрнектер жасап, құлпырып, ойнап тұруында, орнымен қолданылуында...» [9; 218].

*Жақсының айтқан ақылы,
Қазулы сара жолмен тең.
Жаманға айтқан ақылың,
Ағып кеткен селмен тең.
Қас жаманның орны бар —*

Кесек те болса көрмен тең [8; 92].

Жақсылық/жамандық жайлы жан-жақты айтып кеткен Шал ақынның толғауында жақсының айтқан ақылы мен жаманға айтқан ақыл сара жолмен, ағып кеткен селмен салыстырылады. Жай жолмен емес *қазулы сара жолмен*, жай селмен емес *ағып кеткен селмен*. Байқағанымыздай, жырау сөздерін айқындау үшін, ойдың ықпалын күшейту үшін эпитеттерді қолданған. Шал ақынның толғауларында «жақсы сол — істер ісін тамадаса, жаман сол — жақсы сөзді ұға алмаса», «жақсының жүрген жері той болады», «жамандар тыңдамайды жақсы сөзін», «жаманға дәулет бітсе — ауа айналар, жақсыға дәулет бітсе — бақ айналар» сияқты жақсы/жаман адамға арналған сөз тіркестері өте көп. Қайсы болсын, жақсы мен жаман парқын толығымен айқындап береді.

Шал ақын:

*Шешен сол — сөйлер сөзден жаңылмаса,
Жақсы сол — істер ісін тамадаса [7; 399]*

Мұрат:

*Жақсының сөзі кем емес,
Алуа, шекер, бал судан.
Жаманның сөзі кем емес,
Адам таппас зәр судан [7; 132].*

Әйтеке:

*Жақсылардың белгісі сол емес пе,
Қара қылды қақ жарған әділ болса [7; 330].*

Міне, әр жырау жақсы/жаман адамды өзінше жырға қосады. Біреудің жақсысы — істі тамам қылған адам, біреудің жақсысы — жыл құсы, біреудің жақсысы — қара қылды қақ жарған әділ, енді біреудің жақсысының — сөзі шекер, балдан кем емес. Мұндай «жыраулық афоризмдер қатарында... жалпы адами таным-түсінікке негізделген, автордың жеке субъективті бағалауына құрылған, мақсаттық жағынан жалпы адами ұстанымның дұрыс-бұрыс жақтарын меңзейтін, өсиет айтуға арналған немесе шешендік сөйлеудің екпіні туғызған, бір сөзбен айтқанда, мазмұндық, құрылымдық уәжділігі жағынан түрліше қырымен сипатталатын авторлық шешендік сөз саптаулар бар» [1; 186]. Шығармалары нақыл сөз, өсиет ретінде келгендіктен, жыраулардың жақсы мен жаман жайлы айтпай кетуі мүмкін емес. Олар шығармаларында жақсылық, жамандық деген не, неден туады, қайдан шығады деген мәселе төңірегінде көп сөз қозғайды. Жақсылықты жасайтын, жамандықтың да отын маздататын адам. Яғни шарапат та, кесапат та — адамнан. Сондықтан жамандыққа бармау, жақсылық жасау әр жанның парызы деп, жыраулар жырларында жақсылықты ту етіп көтеріп, мадақтап, керісінше, жамандықты сөге білді.

Сонымен жақсылық пен жамандық дегеніміз — жеке адамдар мен әр түрлі топтардың іс-әрекеттеріне, әлеуметтік құбылыстар мен қатынастарға адамгершілік тұрғысынан берілетін этикалық баға. Жақсылық деп белгілі бір қоғам (не белгілі бір топ) адамгершілік деп танып, жалпыға өнеге ететін іс-қимылдарды айтады. Жамандық, керісінше, адамгершілікке лайықсыз деп танылатын іс-әрекеттер. Жақсылық пен жамандықтың неғұрлым айқын да анық бағасы жақсылықтың — жағымды, жамандықтың — жағымсыз құбылыс екендігінде. Сондықтан жағымды жақсылыққа адам жаны әрдайым құштар. Қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымында «Жақсылық пен жамандық» ұғымы мәңгілік тақырыпқа айналып, өнегелі іс пен өмірлік мәселелерде жақсылық алғы кезекке қойылады. Бұл туралы Майлықожа жырау мынадай керемет аталы сөз қалдырған:

*Жақсылық отқа күймес, суға батпас,
Гауһар тас жарық қылмай жерде жатпас,
Қолдан келсе етіңіз жақсылықты,
Жақсылықты еткендер жаман таппас [4].*

Қорыта айтқанда, көркем туындыларда, оның ішінде жыраулар поэзиясында «жақсылық/жамандық» концептілері әр түрлі тілдік амалдар арқылы көрініс табады. Соның ішінде теңеу, метафора, эпитет, параллелизмдер, қайталаулар арқылы жақсы/жаман әйел, жақсы/жаман дос, жақсы/жаман адам жайлы айтылған келелі ойлар әсерлі жеткізіледі. Келешекте жақсылық/жамандық ұғымдарын құрайтын тілдік бірліктерді одан әрі жинақтап, жүйелеп, оларды жан-жақты зерттеуді қолға алмақпыз.

Әдебиеттер тізімі

- 1 *Нұрдәулетова Б.И.* Когнитивная лингвистика: Оқулық. — Алматы: Қазақстан Республикасы Жоғары оқу орындарының қауымдастығы, 2011. — 312-б.
- 2 *Тілеубердиев Б.* Қазақ ономастикасының лигвоконцептологиялық негіздері. — Алматы: Арыс, 2007. — 90, 91-б.
- 3 *Маслова В.А.* Введение в когнитивную лингвистику: Учеб. пособие. — 4-е изд. — М.: Флинта: Наука, 2008. — С. 75.
- 4 <http://www.google.kz>.
- 5 Қазақ тілінің сөздігі / Жалпы ред.басқ. Т.Жанұзақов. — Алматы: Дайк-Пресс, 1998. — 324-б.
- 6 *Канке В.А.* Основы философии: Учеб. для студентов сред. спец. учеб. зав. — М.: Логос; Высш. шк., 1999. — 288 с.
- 7 *Сүйіншіәлиев Х.* Қазақ әдебиетінің тарихы. Оқулық. — Алматы: Санат, 1997. — 928 б.
- 8 Нар заман мен зар заман поэзиясы: Асанқайғыдан Кердері Әбубәкірге дейін. Жыр-толғаулар / Құраст. Е.Дүйсенбайұлы. — Алматы: Раритет, 2007. — 376-б.
- 9 *Қабдолов З.* Сөз өнері. — Алматы: Санат, 2002. — 360-б.
- 10 *Мағауин М.* Ғасырлар бедері: Әдеби зерттеулер. — Алматы: Жазушы, 1991. — 140-б.

Ш.Мажитаева, А.Каппасова

Языковая репрезентация концептов «добро и зло» (на материале поэзии жырау)

В статье раскрываются лингвистические и философские определения понятий добра и зла. Тема «добра/зла» с давних времен многократно освещалась великими мыслителями, сказителями-жырау, акынами, писателями. Поэтому авторами рассмотрена репрезентация концептов добра и зла на материале поэзии сказителей-жырау. Концепты добра и зла проанализированы на основе категориального концепта «человек».

Sh.Mazhitaeva, A.Kappasova

The representation of the concepts of good and evil (based on poetry of zhurau)

The article is devoted to the linguistic and philosophical definitions of the concepts of good and evil. The theme «good/ evil» was repeatedly elucidated by great thinkers, story tellers — zhurau, akyns-writers from the early times. The authors considered the representation of the concepts of good and evil on the material of the poetry of the tellers-zhurau. Concepts of good and evil are analyzed on the basis of categorical concept of a «man».